


■ Кесіп - тұбі нәсіп!




«Dapter-Line» ЖШС – мектеп дәптерлері мен жазу қағаздарын өндіретін кесіпорын. Жобаның жалпы құны – 500 млн теңге. Жаңа кесіпорында 40 жұмыс орны ашылды. Фабриканың жылдық қуаттылығы – 70 млн дәптер.

Шылдық бұйымдарын өндірумен айналысадын «Balabi Textile» зауытында 500 жұмыс орны ашылды. Жобага 6,5 млрд теңге инвестиция тартылған. Өндірістік қуаттылығы жылышына 24 млн жұп шұлiets ты құрайды.

Аяқ киім өндірісіне бағытталған «Nappa.kz» кесіпорнының инвестиция көлемі – 400 млн теңге, 60 жаңа жұмыс орны құрылды. Фабрика жылышына 200 мың жұп сусыны бар екі өндіріс желісі ашылды.

Барлық өндірістердің құрылышы - монтаж



■ Кесіп - тұбі нәсіп!

## Жаңа өндіріс пен инновациялық жобалар

жұмыстары аяқталып, жабдықтары орнатылған. Бұл жобалар мегаполистің экономикалық дамуына, жаңа жұмыс орнандарының ашылуына және импортты алмастыруға айтарлықтай үлес қосады.

Ел тарихындағы атаулы күн қарсандында Іске қосылған бұл кесіпорындар еңірдің өнеркәсіптік алеуетін арттырып, отандық енімнің үлесін көбейтуге мүмкіндік береді. Инвесторларға қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

Сондай-ақ, 2024 жылдың қыркүйегінде Шымкентте Coca-Cola Izecek (CCI) зауыты ашылды. Жаңа зауыттың қуаттылығы - жылышы 283 млн литр, 150 жұмыс орны құрылды. Жобаның құны - шамамен 27 млрд теңге. Зауыт экологияга теріс әсерді айтарлықтай азайтуға көмектесетін озық технологиялармен жабдықталған. Зауытта мұздатылған шай, су, газдалған сусындар және бүкіл әлемде танымал Coca-Cola сусыны бар екі өндіріс желісі ашылды.

Шымкентте 2,7 трлн теңгеге жобалар Іске асырылуда, 220 инвестициялық жоба



аясында 30 мыңдан астам жұмыс орны құрылады. Мысалы, түрік компаниясы 650 гектарға жыlyжай ашуға көмектеседі. Іске қосу 650 миллион долларға бағаланады. Бұл жоба елдегі ең үлкен жыlyжай болып табылады. Атап айтқанда 500 гектарға көкөністер өсіріледі, 150 гектарға оқу гимназия, қойма, зертхана және жатақхана салынады. Бұл жоба кезен-кезенімен Іске асырылатын болады. Қазіргі уақытта бірінші кезек шенберінде 208 га бөлінді. Іске асыру 226 млн долларға бағаланады, бөлінген аумақта дайындық жұмыстары басталды.

Польшада орналасқан Fabe Polska компаниясы 150 га аумақта жоғары технологиялық жыlyжай салу туралы келісімге қол қойды. Іске қосу 200 миллион долларды құрайды. Агрожобаның қуаттылығы 36 мың тонна қызанақ пен қиярды құрайды дегे күтілуде. 800-ден астам адам жұмысқа орналаса алады.

Қытайлық Fujian hengwang Investment Co. Шымкентте құны 1,75 млрд доллар металлургия зауыты салынады, зауыт бес жыл ішінде «Temir» индустрологиялық

аймағының аумақында салынатын болады. Жобаны Іске асыру үш кезеңде өтеді және мыңдаған жаңа жұмыс орнандарын күруга мүмкіндік береді. Кесіпорынның жыл салынғы өндірістік қуаты бес млн тоннаны құрайды.

Ұнтақты полипропилен өндіретін зауыт салу - компания қуаттылығы 500 МВт, құны 700 млн доллар болатын бу - газ қондырысын салу бойынша жоспарда қарастырылған. Оның ашылуына кесіпорын 150 млн долларға инвестиция салынады. Кесіпорынды ашу үшін 30 га бөлінді. Сонымен бірге қалада екі жаңа индустримальды аймақ салынуда. Мегаполисте өнірлік хаб және «Стандарт» жеке индустримальды аймаға пайда болады. Олардың инфрақұрылымына жергілікті бюджеттен 2,7 млрд теңге бөлінді. Жыл соңына дейін қалада жаңа әуежай терминалы тапсырылады, нысан 99% дайын.

**Ержан КАМАРДИНОВ,**  
М. Әуезов атындағы ОҚУ  
колледжінің арнайы  
пән оқытушысы.